Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Алтын сақа" бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

# Өндірістік жиналыс
# ХАТТАМАЛАРЫ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

**Өндірістік жиналыс**
**хаттамасы №1**

**Күні:**12 қазан 2022 жыл

**Өндірістік жиналыстың өтілген орны:** «Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы МКҚК
**Жиналыс төрайымы:** Р.Қаламбаева-меңгеруші
**Жиналыс хатшысы:** Г.Сейдуалиева -тәрбиеші
**Қатысты:** 23
**Қатыспады:** 6
**Себепті:** 6
**Себепсіз:0**

**Күн тәртібі:**

1. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау. (Р.Қаламбаева-меңгеруші)
2. Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамалардың уақытылы толтырылу барысы (Р.Қаламбаева-меңгеруші)
3. Облыстық «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік педагогикалық жобасы жұмысымен таныстыру, тәжірибеге енгізуді жалғастыру (әдіскер Д.Омиралиева)
4. Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі. (Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.) (Р.Қаламбаева-меңгеруші)
5. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы (медбике)
6. Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың бөбекжайға қатысуы (әдіскер Д.Омиралиева)
7. «МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы (әдіскер Д.Омиралиева)
8. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру (Р.Қаламбаева-меңгеруші)
9. Әртүрлі мәселелер Р.Қаламбаева-меңгеруші ()

**І ТЫҢДАЛДЫ:** Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.

**СӨЙЛЕДІ:** Бөбекжай Р.Қаламбаева-меңгеруші өткен оқу жылында жылдық жоспарға жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде атқарылды. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу және Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсаты көзделеді. 2022-2023 оқу жылында міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, директор тарапынан бақылауға алынады. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып, уақытылы жүргізіп, ата-аналарға кеңестер беріліп отырылсын,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** бөбекжайдың жылдық жоспары бойынша жұмыстар уақытылы жүргізілсін.

**ІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамалардың уақытылы толтырылу барысы

**СӨЙЛЕДІ:** Р.Қаламбаева-меңгеруші балаға тәрбие мен білімді балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып берсек, бұл баланы әлеуметтендірудің маңызды институты болып табылады. Бұл үшін балабақшада өтетін жалпы ата-аналар жиналысында, топтардағы ата-аналар жиналысында ата-аналарға жан-жақты мәлімет беріп отыру қажет. Керек жағдайда сол жиналыстарға психолог, медбике қатысып балалардың психологиялық дамуы, денсаулығы жөнінде баяндамалар оқып, жас ата-аналарға кеңестер беру керек. Ата-аналар жиналысы жаңаша түрде ұйымдастырылып, қызықты өту қарастырылсын. №1 жалпы ата-аналар жиналысы қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты қашықтықтан өтіп, ата-аналарға кезекші топтарды ашу, қашықтан оқуды ұйымдастыру жұмыстары бойынша түсіндіріліп, құжаттары уақытылы жазылды. Топтарда өтілетін ата-аналар жиналысында тәрбиешілер ата-аналарға балалардың білім-білік, дағдылары және жас ерекшеліктеріне қарай қандай бағдарламамен жұмыс жасайтындары бойынша және санитарлық талаптарды орындау бойынша мәлімет беріп отырылсын. Жалпы ата-аналар мен балабақша арасындағы жұмыстар түрлендіріліп, уақытында өткізілсе, балалардың мейірімді, ынтымақшыл болып өсуіне септігін тигізеді,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** бөбекжайдағы ата-аналар жиналысы жаңаша түрде қашықтан ұйымдастырылсын.

**ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Облыстық «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік педагогикалық жобасы жұмысымен таныстыру, тәжірибеге енгізуді жалғастыру
**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Д.Омиралиева «Қазығұрт ауданы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы» ММ-нің «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік-педагогикалық жобасының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жоба қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы балаларды туған өлкенің, мемлекетінің мәдениетімен таныстыру моделін әзірлеу мақсатында құрылған. Бұл жобаның тәжірибелік маңыздылығы - ертегі бала өмірінің маңызды жетекшісі екендігіне негізделген. Мектепке дейінгі жастағы баланың өмірінде әлеуметтік – жеке дамуда терең өзгерістер болады. Бұл баланың қандай да бір түрде бейнеленген жағдайларға төтеп беруге, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне ақылмен қарап, олардың қуаныштары мен қайғыларынан немқұрайлықпен қарамауға үйретеді. Мұндай белсенділік баланың рухани өмірінің аясын кеңейтеді, оның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы үшін маңызы зор. Осылайша, ертегі – баланың толық дамуы үшін қол жетімді құралдардың бірі болып табылады, деп жобаның кезеңдерімен таныстырып, жобаны іске асыру бойынша жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Жоба іске асырылсын.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі. (Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.)
**СӨЙЛЕДІ:** Р.Қаламбаева-меңгеруші бөбекжай қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды дұрыс толтыру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бөбекжай құжаттары-әрбір қызметкердің, педагогтың айнасы іспетті. Құжаттар дұрыс жүргізілсе, ол педагог, қызметкер өз ісіне ұқыпты, мамандығын сүйетін жақсы педагог болып есептеледі. Егер құжатта қате кетсе, ол педагогтың өз ісіне немқұрайлы қарайтындығын көрсетеді. Сондықтан құжаттарға мұқият болу керек. Балалардың жеке іс-қағазын толтыру барысында аты-жөні, туылған күні, айы, жылы, ұлты, ата-анасы, мекен-жайы алфавиттік нөмірі және бұйрық нөмірі көрсетілу керек. Балабақшада ресми қабылданатын қаулы немесе шығарылатын бұйрық т.б. ресми құжаттың негізінде, олардың орындалмағаны жөнінде немесе сол құжат бойынша іске асырылып жатқан шаралар уақытында орындалып, қаралу керек. Іс-қағаздарда қолданылып отырылатын ақпарат, мәліметтің барлығы мұқият тексеріліп отырылу керек. Құжаттарда сөздерге, тыныс белгілеріне, дұрыс түспеген әріптерге баса назар аудару қажет. Өйткені мұның бәрі тексеріс кезінде қатеге есептелінеді. Құжат мазмұнының қазіргі күші бар заңдарға және құқық нормаларына сәйкестігі тексеріледі. Әрбір қызметкердің еңбек өтілі ҚР Еңбек туралы Заң талаптарына сай есептелініп отырады және соған сай еңбек ақысы төленеді. Еңбек кітапшасы ережеге сай толтырылуда. Біз беріп отырған статистикалық мәліметтердің өзектілігі мен ақиқаттығы, дәлдігі тексеріледі. Сондықтан әрбір адам өзі жүргізіп отырған іс-қағаздарына мұқият болу керек,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі бақылауға алынсын.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан оту қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай медбикесі Құранова А мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжіриебиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құруда баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады. Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексерулерден өткізіп, дәрігерлердің қаралуында болу керек. Биылғы оқу жылында да бөбекжайға қабылданған 52 бала медициналық тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамалармен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлер де жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. 14 педагог, 19 техникалық қызметкерлер өтті,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Санитарлық ереже талаптарын орындау деңгейі қанағаттанарлық.

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** «МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай әдіскері Д.Омиралиева «Алтын сақа» бөбекжайының жылдық жоспарына сәйкес мектепке дейінгі топтарда топтарда заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша жұмыстың жай - күйіне тақырыптық бақылау жүргізілді.

Тақырыптық бақылау барлық топтарда жүргізілді. Келесі сұрақтар талданды:

1. Барлық бағыттар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер міндеттерін іске асыру үшін топтың заттық-дамытушы ортасының мүмкіндіктерін пайдалану (режимдік сәттерді, еркін іс-әрекеттерді, рөлдік ойындарды және т. б. ұйымдастыруды бақылау)
2. Педагогтердің білім беру жағдайларына, балалардың мүдделеріне, климаттық, ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес заттық-дамытушы ортасының өзгерістерді жоспарлауы.
3. Бөбекжайда жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес баланың дамуының барлық бағыттарын жүзеге асыру үшін заттық-дамытушы ортаны топтағы тәрбиешілердің ұйымдастыру деңгейі.
4. Осы мәселе бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу.

Топтарда балалардың жасына, жынысына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін, балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетін, балалардың қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ететін жайлы пәндік-кеңістіктік орта құрылды. Дене шынықтыру бұрыштары жабдықталған. Балалардың белсенділік орталықтарында ойыншықтар, құрылыс материалдары жеткілікті.

Сонымен қатар, топтарда дидактикалық ойындар, жұмсақ ойыншықтар, динамикалық ойыншықтар, театрдың әртүрлі түрлері жеткіліксіз екенін атап өтуге болады. Жылжымалы экрандар жоқ. Кейбір топтарда ортаны аймақтарға бөлу практикалық емес және ойластырылмаған. Қол жетімділік принципі ішінара жүзеге асырылады (жабық сөрелер, шкафтар, көптеген жабық қораптар бар). Практикалық жаттығулар үшін материалдар пайдаланылмайды: құм, су. Мектепке дейінгі топтардың дамытушы-заттық ортасы білім беру ортасын құруды қоса алғанда, білім беру қатынастарына қатысушылар үшін дамудың әлеуметтік жағдайын құруға бағытталған және балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік береді; олардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етеді,,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Бөбекжайдағы топтардағы заттық-дамытушы

ортаны толықтыру.

**VII ТЫҢДАЛДЫ:** Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері

**СӨЙЛЕДІ:** кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғ.Бекенова бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелерін сақтау бөбекжайда жұмыс тыныштығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. Бөбекжайдың жұмыс уақыты 7.30-дан басталады. Балаларды қабылдау сағат 08.00-дан 09.00-ге дейін жүзеге асырылады, баланы балабақшада 10,5 сағат болады. Балабақшаға уақытында келу, тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті (паспорттық деректер және осы тұлғалардың байланыс телефондары). Әйтпесе, тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тиым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын ескеріп, ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Тәртіп бар жерде, жұмыс та, тазалық та, сыйластық та болады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Ішкі еңбек тәртіп ережесі қатаң сақталсын.

**VIII ТЫҢДАЛДЫ:** Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру

**СӨЙЛЕДІ:** Р.Қаламбаева-меңгеруші педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы негізінде қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерімен танысып, қол қойдырылып алынды. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының {HYPERLINK "http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_" \l "z0"} сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті.

Педагогикалық және медициналық қызметкерлермен тәрбиелік білім беру және сауықтыру жұмыстармен қамтамасыз ету бойынша өзара қызмет атқарады. Сол сияқты, барлық қызметкерлердің өз міндеттері бар. Қазақ халқында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұлы сөз бар. Осы міндеттер аясында балаларға білім мен тәрбие беруде ауызбіршілікпен, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауымыз керек,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Жұмыс барысында қызметкерлердің лауазымдық міндеттері басшылыққа алынсын.

**IX ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** Р.Қаламбаева-меңгеруші әрбір қызметкер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және қыркүйек айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

**ШЕШІМ:**

1. Бөбекжайдың жылдық жоспарын басшылыққа алып жұмыстар жүргізілсін.
Мерзімі: Жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, шаруашылық меңгерушісі, медбике
2. «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік-педагогикалық жобасы жұмысының жоспары бекітілсін.
Мерзімі: Қазан
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер
3. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмысы бақылауға алынсын.
Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер
4. Заттық-дамытушы орта толықтырылсын.
Мерзімі: Қазан
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Жиналыс төрайымы: Р.Қаламбаева

Жиналыс хатшысы: Г.Сейдуалиева

**Өндірістік жиналыс**
**хаттамасы №2**

**Күні:** 22 қазан 2023 жыл

**Өндірістік жиналыстың өтілген орны:** «Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
**Жиналыс төрайымы:** Р.Қаламбаева-меңгеруші
**Жиналыс хатшысы:** Ұ.Оразбаева- тәрбиеші
**Қатысты:** 20
**Қатыспады:** 6
**Себепті:** 6
**Себепсіз:0**

**Күн тәртібі:**

| | |
|---|---|
| №1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы. | Меңгеруші |
| «Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие» жұмысын ұйымдастыру | Құқықтық тәрбие бойынша жауапты тұлға |
| «Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу» Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы | Меңгеруші |
| «Ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтырылу деңгейін бақылау қорытындысы | Әдіскер |
| «Ұлттық қазына», «Экологиялық соқпақ» вариативтік бағдарламаларының ұйымдастырылу деңгейі | Әдіскер |

**СӨЙЛЕДІ:** Бөбекжай меңгеруші Р.Қаламбаева 2022-2023 оқу жылындағы міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, директор тарапынан бақылауға алынды. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып, қазіргі пандемия жағдайына байланысты жоспар бойынша жұмыстар кезекші топтар мен қашықтықтан оқыту барысында уақытында жүргізілуде. Үйдегі кезекші топқа түсе алмай қалған балалармен жұмысты да уақытылы жүргізіп, ата-аналарға кеңестер вацап желісі арқылы беріліп отыр. Педагогтардың тарификациясы бақылауға алынып, педагогтарға 1 қаңтар 2022 жылдан бастап еңбекақыға 25% қосылатынын айтты.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

**ІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
**СӨЙЛЕДІ:** Құқықтық тәрбие бойынша жауапты тұлға Г.Аблаева адамгершілік-адамның рухани арқауы, өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі-қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Адам бойына кішіпейілділік, сыпайылық, рақымшылдық, жанашырлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамға көмектесу, кешірімді болуды үйрету де «Өзін-өзі тану» пәнінің үлесіне

оқыту бойынша жұмыстың негізгі формаларының бірі-ата-аналар жиналысы. Барлық топтарда ата-аналар жиналысы жоспарланған және өткізілген. Жиналыстың кіріспе бөлігі: ата-аналармен амандасу, тақырыптың атауы, мақсат қою, ата-аналар жиналысының күн тәртібін айту, хатшыны таңдау. Тәрбиешілер шаршаған ата-аналардың назарын белсендірудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолданды. Ата-аналар жиналыстары «Құлыншақ» ортаңғы, «Ақ бота» мектепалды топтарында қызықты түрде өтті.

Сонымен, қатар «балапан» ересек тобында тәрбиешілер Б.Айдарханова мен М.Маханбетова "Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Дене шынықтыру нұсқаушысы Б.Искакова ата-аналармен және балалармен дене шынықтыру бойынша ойын тренингін өткізді. Ата-аналарды белсендіру үшін тәрбиешілер ойын әдістерін, көрнекілікті қолданды, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және қатайту тәжірибесіне баса назар аударды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** «Ұлттық қазына», «Экологиялық соқпақ» вариативтік бағдарламаларының ұйымдастырылу деңгейі

**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер С.Жарылқасын сөз алды. Балабақшадағы және үйдегі балалардың күнделікті өміріндегі сыртқы әлеммен танысу сабақтарында туған өлкемен танысуды ұйымдастырудың ең жақсы тәжірибесін зерттеу, жалпылау және қолдану, осы сабақтарда балалардағы сөйлеу белсенділігін дамыту, сыртқы әлеммен танысу сабақтарында туған өлкемен танысудың негізгі функцияларын анықтау, әр түрлі жастағы балалардың туған өлкесімен танысу үшін даму динамикасын қадағалау, ұлттық құндылықтармен таныстыру арқылы салт-дәстүрді сақтап, құрметтеу, туған еліне, отанына сүйіспеншілікпен қарау, патриоттық тәрбие бере отырып қазақстандық патриотшыл тұлға тәрбиелеу, мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің математикалық және грамматикалық сауаттылығын арттыру, мектепке даярлау мақсатында «Ұлттық қазына», «Математика патшалығы!», «Қызықты грамматика», «Өнерлі он саусақ», «Экологиялық соқпақ» вариативтік компонент бағдарламалары жасалынып, бағдарлама аясында күннің екінші жартысында қосымша жұмыстар жүргізілуде. Осы сабақтарда балалар қазақ халқының өмірімен және тұрмысымен танысты. Мысалы, «жайлауға саяхат» сабағында балалар бұрын қазақтардың киіз үйлерде тұратынын білді (киіз үйдің макеті көрсетілді). Балалар педагогты қызығушылықпен тыңдады. Әр сабақ өзінше қызықты болды, әр жолы балалар жаңа бір нәрсе білді. Олар туған жер туралы, туған табиғаттың ерекшеліктері туралы қажетті білім алды. Сондай-ақ сабақтарда шағын фольклорлық формалар қолданылды: мақал-мәтелдер қазақ тілінде де, орыс тілінде де қолданылады, -деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Вариативтік бағдарлама бойынша жұмыстар деңгейі қанағаттанарлық.

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші Р.Қаламбаева әрбір қызметкер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және ақпан-наурыз айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

**ШЕШІМ:**

1. Күн тәртібін сақтау жұмыстарын бақылауға алу жалғастырылсын.
Мерзімі: Жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, медбике
2. Ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық.
3. Вариативтік бағдарлама бойынша жұмысы бақылауға алынсын.
Жауаптылар: әдіскер

Жиналыс төрайымы: Р.Қаламбаева

Жиналыс хатшысы: Ү.Оразбаева

**Өндірістік жиналыс**
**хаттамасы №3**

**Күні:** 21 сәуір 2023 жыл

**Өндірістік жиналыстың өтілген орны:** «Алтын сақа» бөбекжай-балабқшасы МКҚК
**Жиналыс төрайымы:** Р.Қаламбаева-меңгеруші
**Жиналыс хатшысы:** Ұ.Оразбаева - тәрбиеші
**Қатысты:** 20
**Қатыспады:** 9
**Себепті:** 9
**Себепсіз:** 0

**Күн тәртібі:**

**№3 өндірістік жиналыс**

| | |
|---|---|
| 1. | №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы (меңгеруші-Р.Қаламбаева) |
| 2. | Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу, ойындарды жоспарлау (әдіскер Жарылқасын С.) |
| 3. | Балабақша мен мектеп сабақтастығының біріздiлігі (әдіскер Жарылқасын.) |
| 4. | Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі (Г.Аблаева -тәрбиеші) |
| 5. | Бөбекжайдағы психологиялық қызметтің ролы: психолог жұмысының аналитикалық есебі. Түлектердің психологиялық-педагогикалық мінездемелерін ресімдеу (Г.С.Касымбекова педагог-психолог) |
| 6. | Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы (медбике Алимжанова М.) |
| 7. | Ағымдағы мәселелер. (меңгеруші Р.Қаламбаева) |

**І ТЫҢДАЛДЫ:** №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы
**СӨЙЛЕДІ:** Бөбекжай меңгерушісі Р.Қаламбаева балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие жұмыстары жоспар бойынша жүргізіліп, балалармен әртүрлі шаралар өткізілуде. Даму бағдарламасының инновациялық сипатының құндылығы бөбекжайдың оң жетістіктерін сақтауға, педагогикалық процесті ұйымдастырудың тұлғаға бағытталған моделін қамтамасыз етуге, жұмыс практикасына заманауи білім беру педагогикалық технологияларын енгізуге бағытталынып, даму бағдарламасының орындалуы жоспарға сай. Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілуде.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** өткен өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

**ІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу, ойындарды жоспарлау
**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Жарылқасын С күн тәртібі-бұл апта ішінде балалардың өмірі қалай ұйымдастырылғанының көрнекі моделі. Күн уақыт кезеңдеріне (режимдік кесінділерге) бөлінеді және осы кезеңде балалар не істейтіні, бұл іс-шаралар қандай формада ұйымдастырылатыны көрсетіледі. Кез-келген жоспар әдістемелік сүйемелдеусіз тиімді емес, оны тәрбиешілер перспективалық жоспарлар, циклограмма түрінде ұсынды. Жоспарлауды оңтайландыру үшін циклограмаға күнделікті іс-әрекетті тиімді жоспарлауды ұсынамыз. Дизайн заманауи және эстетикалық көрініске бай болуы керек. Қимылды ойындарды циклограммаға сай барлық топта ұйымдастыру қажет,-деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу бақылауға алынсын.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі
**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Жарылқасын С сөйледі. Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс балаларды мектепке дайындау мәселелері бойынша ата-аналарды ағартуға бағытталған. Әсіресе, ата-аналар үшін біз «Жақында мектепке» стенд жасаймыз, онда олар пайдалы ақпарат таба алады. «Болашақ оқушының күн тәртібі», «Бірінші сынып оқушысы нені білуі керек?», «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктері», «Балалар өз өмірлерінде көргендерін үйренеді» тақырыптарында кеңестер, «Мектепке келу - бұл балалар өміріндегі маңызды оқиға» жылжымалы папка, «Сіздің отбасыңыз баланың бірінші сыныпқа баруына дайын ба?» сауалнамасы өткіземіз. Бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындық тобы түлектерінің ата-аналарымен кездесуі, онда болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналары баланың мектепке барар алдында не білуі және не істей алатындығы, мектеп керек-жарақтары қандай болуы керек екендігі туралы танысады,-деп жыл бой ы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Балабақша мен мектеп арасындағы жұмыс қанағаттанарлық

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі
**СӨЙЛЕДІ:** мектепалды тобының тәрбиешісі Г.Аблаева Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істедік. Топта 12 бала бар. Осы 5-6 жаста қоғамдық бағалаумен байланысты қызмет салаларында өзін-өзі растауға деген ұмтылыс артады. Бірте-бірте баланың өзінің «Мен» туралы білуі және осы негізде мектеп жасына дейін ішкі ұстанымдардың қалыптасуы жаңа ұмтылыстар мен қажеттіліктердің пайда болуына әкеледі. Бұл баланың мектепке дейінгі кезеңдегі негізгі іс-әрекеті болған ойынның осы сападағы орнын біртіндеп тапсырып, оны толығымен қанағаттандыра алмауының себебі болып табылады. Кәдімгі өмір салтының шеңберінен шығу және әлеуметтік маңызды іс-шараларға қатысу қажеттілігі артып келеді, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық және жеке өсуінің маңызды нәтижелері мен сипаттамаларының бірі болып табылатын «оқушы позициясы» деп аталатын басқа әлеуметтік ұстаным қабылданады,-деп жалпы жыл бойы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Мектепалды тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі қанағаттанарлық.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** Бөбекжайдағы психологиялық қызметтің ролі: психолог жұмысының аналитикалық есебі. Түлектердің психологиялық-педагогикалық мінездемелерін ресімдеу
**СӨЙЛЕДІ:** педагог-психолог Р.Қаламбаева сөз алды. Жалпы орта білім беретін мектептің нөлдік және бірінші сыныбына баратын мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық дайындығын диагностикалау психологиялық дайындықты құрайтын компоненттерді анықтауға бағытталған келесі әдістердің көмегімен жүзеге асырылды. Түлектер мектепте болашақ оқуға жеткілікті дайын психологиялық қолдау өзінің тиімділігін көрсетті, өйткені оқушылардың 8%-ында зияткерлік жетілудің рұқсат етілген деңгейі бар, бұл оларға болашақ оқу және мектеп ортасында даму процесінде зияткерлік және жеке мәселелерді (проблемаларды) сәтті шешуге мүмкіндік береді. Оқушылардың 86%-ы жақсы мотивациялық дайындыққа ие балалардың 71% - ы өздерінің эмоционалды жағдайын және іс-әрекет қарқынын дербес реттей алады, бұл мұғалімнің тапсырмасын түсініп, қабылдай алады, оған тікелей тілектері мен уәждерін бағындыра алады деп болжайды. оқушылардың 83%-ы мектепті дұрыс қабылдай алады, оқушылардың 87%-ында жоғары бейімделу резервтері бар, бұл қолайлы болжамды болжауға мүмкіндік береді. Статистикалық мәліметтер негізінде мектепке бейімделу түлектердің психологиялық-педагогикалық қолдауы оң динамикаға ие болды деп болжауға болады, зерттеудің бірінші кезеңінде мектепке ықтимал бейімделу белгілері бар балалардың 28%-дан оқу жылының соңында 5%-ға дейін төмендейді. Мектепке дайындалуға бағытталған Мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар жүйесі өзінің тиімділігі мен оны келесі оқу жылында қолданудың орындылығын көрсетті, -деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Бітіруші түлектердің мектепке психологиялық дайындығы қанағаттанарлық.

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы.

**СӨЙЛЕДІ:** Медбике М.Алимжанова барлық жас топтарында шынықтыру рәсімдері оның табыстылығын қамтамасыз ету үшін міндетті қағидаттарды сақтай отырып жүргізіледі: шынықтыру тек баланың толық денсаулығы кезінде жүзеге асырылады, оның біртіндеп және шынығу әсерінің қарқындылығын арттырады, оларды жүргізудің жүйелілігі мен дәйектілігі, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алады, оған теріс эмоционалды реакциялар кезінде шынықтыруды жүргізуге жол бермейді. Балаларды қабылдау көшеде жүзеге асырылады. Температура режимі нормаға сәйкес келеді, үнемі желдету арқылы жүзеге асырылады. Таңертеңгілік жаттығулар мен серуендер уақытында режимде өткізіледі.

Ұйқыдан кейінгі гимнастиканы тексеру барысында, әр жас тобында сағат 15.00-ден балалар музыка әуенімен тез және бір уақытта оянатыны анықталды. Сонымен қатар, олар көрпелерді ашып, төсекте жатып, 2-3 минут ішінде 3-4 дене жаттығуларын жасады (бүгілген тізелерді қолдарымен ұстап, кейіннен түзетіп кеудеге тарту; қолдар мен аяқтардың көлденең және параллель қимылдары; іште әртүрлі жаттығулар, өзін-өзі массаж). Тәрбиешінің командасы бойынша балалар тұрып, 2-3 минут бойы табанның бұлшық етін дамыту және нығайту үшін қолданылатын «Денсаулық жолдары» бойынша орташа қарқындылықтағы циклдік қозғалыстарды (массаж кілемшелері) орындады; жалаң аяқ жүгіру және жүру ересек топтарда жүзеге асады. Кілемшелер барлық балалар бір уақытта жасай алатындай етіп орналастырылған. Айтпақшы, процедурамен бірге тыныш музыка қолданылды, бұл балалардың эмоционалды тонусына оң әсер етеді. Сондай-ақ, тәрбиешілер тамақты тұзды сумен шаю сияқты шынықтаруды толықтыратын тиімді әдісті қолданады - бастапқы температура +32 - +30 С әр тамақтан кейін бөлме температурасына жеткізіледі. Балалар бұл процедураны ересектерге ескертусіз дербес орындайды.

Тәрбиешілер тыныс алу жаттығуларын таңдауға ерекше назар аударады, өйткені олар терең тыныс алу және дем шығару кезінде ырғақты тыныс алу нәтижесінде тыныс алу жолдарына контрастты әсер етуге мүмкіндік береді. Тексеру кезінде тәрбиешілер балаылардың жалпақтабандылықтарының алдын алу үшін жаңа дәстүрлі емес жабдық жасады,-деді

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Шынықтыру шараларының деңгейі қанағаттанарлық.

**VII ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші Р.Қаламбаева әрбір қызметкерлер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және алдағы айларда болатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

**ШЕШІМ:**

1. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмыстары қанағаттанарлық.
2. Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің жұмысы күшейтілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

**Жиналыс төрайымы:** **Р.Қаламбаева**

**Жиналыс хатшысы:** **Ұ.Оразбаева**